

**"Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания тарапынан жүргізілетін есеп-қисап және есеп беру тәртібі" 25-ші Бухгалтерлік есеп Ережесін (стандарт) Бекіту туралы**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ Бухгалтерлік есеп әдіснамасы және аудит департаменті БҰЙРЫҚ 1998 жылғы 16 сәуір N 61. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 515. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы " Бухгалтерлік есеп туралы" N 2732 Заң күшіне ие Жарлығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания тарапынан жүргізілетін есеп-қисап және есеп беру тәртібі" 25 бухгалтерлік есеп Ережесі (стандарт) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы Ереже (стандарт) 1998 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетіні белгіленсін.

3. Концепция және жалпы стандарттар басқармасының бастығы Н.М.Чернова - бекітілген бухгалтерлік есеп Ережесін (стандарт), Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде бекітілген заң тәртібі бойынша тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы Департаментінің облыстық басқармаларына енгізу және бақылау бөліміне бекітілген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания тарапынан жүргізілетін есеп-қисап және есеп беру тәртібі" 25-ші бухгалтерлік есеп Ережесі (стандарт) жеткізу тапсырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы Департаменті директорының орынбасары - Л.Ж.Айтқожинаға жүктелсін.

*Директор*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы            М и н и с т р л і г і н і ң

Бухгалтерлік есеп және аудит  
Департаментінің  
1998 жылғы 16 сәуір  
61 бұйрығымен бекітілген

## 25-ші Бухгалтерлік есеп Ережесі (стандарт)

### Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания тарапынан жүргізілетін есеп-қисап және есеп беру т ә р т і б і

25 - БЕС \_\_\_\_\_

---

#### Мақсаты және қолданылу өрісі

1. Бұл Ереже (стандарт) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның (бұдан былайғы жерде - Компания) есеп жүргізу және қаржылық есеп беру тәртібін анықтап-белгілейді.

#### Сипаттары

2. Компания - зейнетақы қорын жинақтау жөніндегі мемлекет қарамағынан тысқары қорлардың (бұдан былайғы жерде Қор) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

3. Зейнетақы активтері - Қорлар тарапынан зейнетақы төлеуді қамтамасыз етуге және оны іске асыруға арналған қаражаттар.

4. Шектеуші норматив - мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан тағайындалатын, әрі зейнетақы активтерін басқару барысында міндетті түрде сақталуға тиісті нормативтер.

#### Компанияның есеп - қисабы

5. Компания өзінің меншігіндегі қорлар мен зейнетақы жинақтау жөніндегі мемлекет қарамағынан тысқары қорлардан басқаруға түскен зейнетақы активтерінің қозғалысын бухгалтерлік есеп стандарттарына және субъекттердің қаржылық-шаруашылық іс-әрекетіне жүргізілетін бухгалтерлік есеп шоттарының Бас жоспарына сәйкес жеке-жеке айырым жүргізеді.

6. Компанияның табысы өзінің меншігіндегі қорларды инвестициялау, зейнетақы активтерін басқару барысындағы қызметі үшін берілетін комиссиялық сыйлықтар (өкілетті органдар тағайындаған мөлшерде), зейнетақылық жарналар сомасы, зейнетақы активтерін орналастыру инвестициялық кіріс сомасы, және іс жүзіндегі Заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да әрекеттер нәтижесіндегі табыстардан құралады, әрі олардың есеп-қисабы 5 "Кіріс" бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес жүргізіледі.

7. Компанияның шығындарына өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру барысындағы шығындар жатады және оның есеп - қисабы 7 "Товарлы-материалдық қорлар" бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес жүргізіледі.

8. Компания өзінің меншігіндегі қорлардың ағымына қатысты қаржылық есепті 2 "Бухгалтерлік баланс және қаржы есеп берулеріндегі негізгі ашылымдар", 3 "Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп", 4 "Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есеп" аталатын бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес, және пенсиондық активтерді басқару туралы мәліметтер түсіндірме қағазында ашып көрсетіледі. Басқаруға алынған зейнетақы активтері тарапында осы стандартқа сәйкес Таза активтер туралы есеп, Таза активтердегі өзгерістер туралы есеп және Қорытынды есеп аталатын арнайы формалар енгізіледі. Бұл формалар стандартқа арналған қосымшамен қоса беріліп отыр.

9. Компанияның қаржылық есебі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы "Бухгалтерлік есепке алу туралы" Заң күші бар N 2732 Жарлығымен бекітілген мерзімде тағайындалады. Берілген Жарлықтың 18-ші статьясының 2-ші бабында белгілеген мерзімінде, есеп берудің басқалай реттілігі, бағалы қағаздар нарығын реттейтін өкілетті орган тарапынан кемінде жылына бір рет мөлшерінде тағайындалады.

### **Бағалау тәртібі**

10. Компанияның меншік қоры мен міндеттемелерінің айналымдағы операцияларына пайдаланылатын активтер мен капитал қоры бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес танылып - ескеріледі.

11. Зейнеткерлік активтер инвестицияланатын бағалы қағаздар, ағымдағы құнымен бағаланады (облигациялардан басқа).

### **Ашып - көрсетілуі**

12. Компанияның іс-әрекеті жөнінде есеп беру кезеңінде барлық ақпарат бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес ашылып көрсетіледі, ал басқаруға алынған зейнетақы активтері тарапынан ашылып көрсетілуге тиістісі:

- 1) зейнетақы активтерін басқаруға алған қорлардың аты-жөні;
- 2) зейнетақы активтері орналасқан қаржылық инструменттердің енгізілген қаржының сомасы көрсетілген тізімі;
- 3) басқаруға алынған зейнетақы активтері жөніндегі міндеттемелердің дер кезінде орындалуын қалыптастыруды қамтамасыз ететін резервтік капиталдың с о м а с ы .

13. Басқаруға алынған таза активтер жөніндегі есепте ашылып - көрсетілетіндері (1-қосымша);

- 1) инвестиция үшін нақты ақша;
- 2) алуға лайықталған шоттар (есептелген дивидендтер, сыйлықтар (

ынталандыру)) ;

- 3) мемлекеттік бағалы қағаздар;
- 4) мемлекеттік емес бағалы қағаздар (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес) ;
- 5) халықаралық қаржылық ұйымдардың Бағалы қағаздары (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес);
- 6) банктік салым сертификаттары;
- 7) банктердегі салымдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі анықтаған тізімге сәйкес) ;
- 8) басқадай инвестициялар;
- 9) Компанияның зейнетақы активтері жөніндегі міндеттемелері, оның ішінде:

Қордың төлем талаптары;

жалпы және әкімшілік шығындар;

10) басқаруға алынған таза зейнетақы активтері.

14. Басқаруға алынған таза активтердегі өзгерістер жөніндегі есепші үш тараудан тұрады (2-қосымша). Оның "Кіріс" атты тарауында сыйлық (ынталандыру) және дивидендтер ретінде төмендегілерден түскен кіріс ашылып - көрсетілуі тиіс:

- мемлекеттік бағалы қағаздардан;
- мемлекеттік емес бағалы қағаздардан (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес) ;
- халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалы қағаздарынан (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес);
- банктік салым сертификаттарынан;
- банктердегі салымдардан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі анықтаған тізімге сәйкес) ;
- Активтерді сатудан түскен кіріс (шығын);
- Актив бағасының өсуі (кемуі);
- Басқадай кіріс (шығын); "Шығындар" тарауында жалпы және әкімшілік шығындар және басқадай шығындар ашып көрсетіледі. "Басқадай өзгерістер" тарауында төмендегілер ашып көрсетіледі.
- Басқаруға алынған зейнетақы активтері;
- Қаржы аудару (Қордың талабына сәйкес);
- таза активтердегі өзгерістер;
- жыл басындағы таза активтер;
- жыл аяғындағы таза активтер.

15. Қорытынды есеп пайдаланушыларға Компанияның қолма-қол ақшасы, бағалы қағаздары, негізгі қорлары басқалай активтері, меншігіндегі және

резервтегі капиталдары, ағымдағы және басқа да міндеттемелері туралы ақпарат беру үшін жасалады (N 3 қосымша).

Осы есеп беруге байланысты төмендегі көрсеткіштердің есебі жасалады:

1) Компанияның меншігіндегі капиталдарының Компания активтері және басқаруға алынған активтер тарапына салыстырмалы ара қатынасы; 2) резервтегі капиталдардың басқаруға алынған зейнетақылық активтер сомасына проценттік қатынасы;

3) Компанияның комиссиялық сыйақысының сомасы және Компанияның таза табысына қатысты комиссиялық сыйақының проценті.

**Күшіне ену мерзімі**

16. Осы бухгалтерлік есеп Ережесі (стандарт) 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енеді.

1-ші Қосымша

**Таза активтер жөніндегі есеп**

Зейнетақы активтерін басқаруға алған компанияның аты-жөні

.....  
Мекен-жайы: .....

.....  
199 жылға (күні, айы, жылы)  
Өлшем бірлігі мың теңге

--

	Жол	Жыл	Есеп
Баптық атауы	N	басынан бері	беру мер. зiмiнде
1	2	3	4
Инвестицияға арналған нақты ақша	010		
Алуға лайықталған шоттар (есептелген дивидендтер, сыйлықтар ынталандыру)	020		

Мемлекеттік бағалы қағаздар	030		
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес)	031		
Халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалы қағаздары (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес)	032		
Банктік салым сертификаттары	033		
Банктердегі салымдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі анықтаған тізімге сәйкес)	034		
Басқадай инвестициялар	035		
Активтердің жиынтығы	040		
Міндеттемелер			
оның ішінде:			
Қордың төлем талаптары	050		
жалпы және әкімшілік шығындар	051		
Міндеттемелер жиынтығы	060		

Басқаруға алынған таза зейнетақы активтері (040 - жол, 060 - жол)			
	070		

Басшы

Бас бухгалтер  
2-ші Қосымша

**Таза активтердегі өзгерістер жөніндегі есеп**

Зейнетақы активтерін басқаруға алған компанияның аты-жөні

Мекен-жайы: .....

199 жылға (күні, айы, жылы)  
Өлшем бірлігі мың теңге

Баптық атауы	Жол N	Жыл басынан бері	Есеп беру мер. зімінде
--------------	----------	------------------------	------------------------------

1	2	3	4
---	---	---	---

1. Табыс			
----------	--	--	--

Сыйлық (ынталандыру), дивидендтер			
-----------------------------------	--	--	--

Мемлекеттік бағалы қағаздардан	010		
--------------------------------	-----	--	--

Мемлекеттік емес бағалы қағаздардан (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес)	011		
---	-----	--	--

Халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалы қағаздары. нан (өкілетті орган тағайындаған тізімге сәйкес)	012		
---	-----	--	--

Банктік салым сертификаттарынан	013		
Банктердегі салымдардан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі анықтаған тізімге сәйкес)	014		
Активтерді сатудан түскен табыс (шығын)	015		
Актив бағасының өсуі (кемуі)	016		
Басқадай кіріс (шығын)	017		
Барлық табыстар жиынтығы	020		
2. Шығындар			
Жалпы және әкімшілік шығындары	030		
Басқадай шығындар	031		
Барлық шығындар жиынтығы	040		
3. Басқадай өзгерістер			
Басқаруға алынған зейнетақы активтері	050		



Қаржы аудару (Қордың талабына сәйкес)	051		
Таза активтердегі өзгерістер	060		
Жыл басындағы таза активтер	070		
Жыл аяғындағы таза активтер	080		

Басшы

Бас бухгалтер  
3-ші Қосымша

**Қорытынды есеп**

Зейнетақы активтерін басқаруға алған компанияның аты-жөні

.....  
.....

Мекен-жайы: .....

199 жылға (күні, айы, жылы)

Өлшем бірлігі

мың теңге

Баптық атауы	Ж о л	
	(N)	Сомасы
1	2	3
Қолма-қол ақша	010	
Негізгі қорлар	020	
Инвестициялар	030	

Басқадай активтер	040
Резерв капиталының активтері	050
Барлық активтер	060
Меншік капитал	070
оның ішінде; бөлінбеген табыс	071
Ағымдағы міндеттемелер	080
Басқадай міндеттемелер	090
Резерв капиталының міндеттемелері	100
Барлық капитал және міндеттемелер	110

Басшы

Бас бухгалтер